

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің
директоры С.К. Бишекен

Мансап және кәсіптік бағдарлау
департаментінің директоры Ә.Х. Жұмағазиев

Әлеуметтік мәселелер және жастар
саясаты департаментінің директоры Б.Қ. Олжабай

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің директоры А.К. Байсарина

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Ғылыми кеңес шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2025 жылғы «01» 07 № 12 хаттама)

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: жаңасын ауыстырғанға дейін

ЕНГІЗІЛДІ: 28.06.2024 жылғы 02 нұсқаның орнына

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде (бұдан әрі – Қ. Жұбанов атындағы АӨУ) инклюзивті білім беру туралы ереже ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалармен қатар, барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған ЖОО-ның білім беру процесінде инклюзивті тәсілді жүзеге асырудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттары мен тетіктерін айқындайды.

1.2 Қ. Жұбанов атындағы АӨУ инклюзивті білім беру қолжетімді, толерантты білім беру ортасын қалыптастыруға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын жақсартуға, білім алушылардың барлық санаттарын бірыңғай академиялық және әлеуметтік кеңістікке интеграциялауға, ЖОО миссиясын жүзеге асыруға және академиялық және гуманитарлық құндылықтар жүйесін нығайтуға ықпал етеді.

1.3 Осы ереже инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға тартылған барлық білім алушыларға, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды білім беру, әдістемелік және әлеуметтік сүйемелдеу үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімдерге қолданылады.

2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы ереже төменде көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (15.03.2025ж. №172-VIII өзгерістерімен және толықтыруларымен).

2.2 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.04.20 №152 бұйрығы (24.03.2025 ж. №134 өзгертулер мен толықтырулармен).

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы). (21.07.2023 ж. №327 өзгерістермен және толықтырулармен).

2.4 ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы.

2.5 «Қазақстан Республикасында 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы №1143 Қаулысы.

2.6 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ішкі регламенттері мен жарғылық құжаттары.

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3.1. Бұл ереженің мақсаты ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін инклюзивті білім беру ортасын құру арқылы білім алушылардың барлық санаттары, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім беру қызметтеріне тең, әділ және толыққанды қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

3.2 Ереже міндеттері:

- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес инклюзивті білім берудің ұйымдастырушылық-құқықтық базасын әзірлеу.

- Инфрақұрылымдық қолжетімділікті, білім беру бағдарламаларын бейімдеуді және студенттерді сүйемелдеуді қоса алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру құқығын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау.

- Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің инклюзивті тәсіл мен педагогика саласындағы біліктілігін арттыру, білім алушылардың әртүрлі санаттарымен жұмыс жасаудағы олардың құзыреттерін дамыту.

- Студенттердің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың табысты оқу қызметін қамтамасыз ететін тиімді білім беру технологиялары мен әдістемелерін енгізу.

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің білім беру процесіне және оқудан тыс өмірге толыққанды қатысуына ықпал ететін архитектуралық, ақпараттық және әлеуметтік кедергісіз ортаны қалыптастыру

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дербестігін, әлеуметтік интеграциясын және кәсіби қалыптасуын дамытуға бағытталған психологиялық және әлеуметтік қолдау жүйесін құру.

3.2 Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың жалпы принциптері

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ инклюзивті білім беру төмендегі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

3.2.1 Теңдік және кемсітпеушілік – әрбір білім алушы физикалық, сенсорлық, интеллектуалдық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан сапалы білімге тең қол жеткізуге құқылы.

3.2.2 Индивидуалды тәсіл – әрбір білім алушының бірегей білім беру қажеттіліктерін тану және оқу бағдарламаларын, бағалау әдістері мен нысандарын бейімдеуді қоса алғанда, оны дамыту үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету.

3.2.3 Кедергісіз архитектуралық, ақпараттық, коммуникациялық және оқу ортасын құру негізіндегі білім беру ортасының қолжетімділігі.

3.2.4 Тілектестік және ынтымақтастық – білім беру процесіне және университет өміріне ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді белсенді тарту, білім алушылар, оқытушылар мен ата-аналар арасындағы

әріптестік қатынастарды дамыту.

3.2.5 Кәсіби құзыреттілік – инклюзивті білім беру саласында оқытушылар мен қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін үнемі арттыру.

3.2.6 Жүйелілік және тұрақтылық – нормативтік, ұйымдастырушылық, кадрлық және ресурстық компоненттерді қамтитын инклюзияға институционалдық көзқарасты қалыптастыру.

3.2.7 Құпиялылық және этика – білім алушылардың құқықтарын сақтау және қадір-қасиетін құрметтеу, сондай-ақ олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау.

3.3 Білім беру процесін ұйымдастыру

3.3.1 Бейімделген оқу бағдарламаларын (силлабустарды) енгізу, яғни ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қалауы бойынша оқытушылар мүмкіндігі шектеулі немесе басқа да ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін арнайы оқу бағдарламаларын (силлабустарды) әзірлейді:

3.3.2 Бейімделген оқу бағдарламалары (силлабустар) қамтиды:

- бейімделген бағалау критерийлері;
- бейімделген бағалау формалары.

3.3.3 Академиялық қызмет департаменті бейімделген сабақ кестесін ұсынады.

3.3.4 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге оқу материалын сәтті игеруге көмектесетін арнайы әдістерді, құралдарды және тәсілдерді қолдану:

- арнайы технологиялар мен құралдар (субтитрлері бар бейнематериалдар; қаріпті масштабтау мүмкіндігі бар электрондық оқулықтар);

- оқыту әдістемесі (сараланған оқыту (бір материал әртүрлі тәсілдермен ауызша, жазбаша, визуалды түрде ұсынылады); жоба әдісі (студентке өзін ыңғайлы түрде көрсету мүмкіндігі).

3.3.5 Қол жетімділік талаптарын ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін практикадан өту орындарын таңдау ұсынылады.

3.3.6 Жұмысқа бөлу кезінде бірінші кезекте 3 мүгедектік тобы бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектердің денсаулық жағдайы, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріледі. 1 және 2 мүгедектік тобы бар тұлғаларға еркін бөлу құқығы беріледі, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар да міндетті өтеуден босатылады.

4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН СҮЙЕМЕЛДЕУ

4.1 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру процесін ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу төмендегілерді қамтиды:

- сабаққа қатысуды бақылау;
- білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға көмектесу;
- аралық аттестаттаудан өтуге, академиялық берешектерді жоюға ұйымдастырушылық көмек көрсету;
- оқу процесінде білім алушы мен оқытушының өзара іс-қимылын түзету.

4.2 Психологиялық қызмет көрсету:

- топтық тренингтер өткізу;
- жеке консультация.

5 КЕДЕРГІСІЗ АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ОРТА ҚҰРУ

5.1 Қол жетімді іргелес аумақты ұйымдастыру, кіреберістерді сырғанамайтын жабыны бар пандустармен, тұтқалармен және сигналдық белгілермен жабдықтау.

5.2 Мүгедектердің автомобильдеріне арналған кірме жолдар мен тұрақтарды жабдықтау.

5.3 Нашар көретін тұлғалар үшін тактильді көрсеткіштер мен еден жабындарын жасау.

5.4 Мүгедектер арбасына арналған лифттерді орнату немесе жаңарту.

5.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған дәретханаларды жайластыру: кеңейтілген кабиналар, тұтқалар, көмекке шақыру түймелері.

6. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

6.1. Осы Ережені Басқарма Төрағасы-Ректор Ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

6.3. Өзгеріс болған жағдайда, университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.